

Толымдылығы аз сыныптарда жеке-сараланған оқыту ерекше рөл атқарады. Мұнда мұғалім ұсынылған тапсырманың орындалуын бақылап, үлгергендерге уақытында көмек көрсету, әрбір оқушының сабақ барысында жұмысын бағалау, білімді меңгеру сапасын бақылауды жүзеге асыру оңай.

Сонымен, шағын жинақты мектептегі сыныптар үшін келесі маңызды элементтерді атап кетуге болады:

- өзіндік жұмысты өткізу формаларының көптігі;
- қиындық дәрежесі мен уақыты бойынша шектелген әңгімелер;
- мұғалімнің жаңа материалды баяндауын және оқулықпен өз бетінше жұмыс істеуді ұштастыру;
- оқушыларға жеке көзқарасты қолдану.

Қорытындылай келе, шағын жинақты мектептерді білім беру барысында қиыншылықтарды жою үшін мемлекет тарапынан үлкен көмек көрсетілуі қажет. Өскелең ұрпақ - біздің жарқын болашағымыз. Осыған орай, білім алу мен оқытудағы кедергілерді жою біздің келешігімізге жаңа жол ашады.

Әдебиет тізімі:

5. Князева Р.Н., Артемьев В.П. Задания по химии для учащихся малокомплектной школы: Книга для учащихся. –М.: Просвещение, 1993.

6. Мария С. Пак Теория и методика обучения химии: учебник для вузов /М. С. Пак. – СПб: Изд-во РГПУ им. А. И. Герцена, 2015. – 306 с.

7. <https://slovopedagoga.ru/servisy/publik/publ?id=3306>

8. <http://nauka-pedagogika.com/pedagogika-13-00-02/dissertaciya-metodicheskie-osnovy-differentsirovannogo-obucheniya-himii-v-selskoy-shkole>

УДК 911.2

ІЛЕ АУДАНЫНЫҢ РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ РЕСУРСТАРЫ

Кабылбаева А.А

Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай Мемлекеттік Педагогикалық Университеті,
Қостанай қ.

Ғылыми жетекшісі: Ахметова Э.Б

Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай Мемлекеттік Педагогикалық Университеті,
Қостанай қ.

Аннотация

Бұл мақалада әдебиеттерде көрсетілген Іле ауданының Боралдай кентінің табиғаты мен табиғат кешендерінің, ресурстарының қандай керемет әрі әсем екені көрсетілген. Болашақта бұл аумақтарды игеру біртұтас халық шаруашылығы кешенін ұсына отырып, өзара тығыз байланыста болып отыр.

Түйін сөздер: табиғат, табиғат кешені, рекреациялық ресурстар, минералды ресурстар, қорғандар.

Аннотация

В этой статье показано, как прекрасна природа и природные комплексы и ресурсы села Боралдай Илийского района, которые упоминаются в литературе. В дальнейшем развитие этих направлений тесно связано, обеспечивая единую национальную экономику.

Ключевые слова: природа, природный комплекс, рекреационные ресурсы, минеральные ресурсы, курганы.

Annotation

This article shows how beautiful and beautiful nature and natural complexes and resources of the village of Boraldai, Pi district, are mentioned in the literature. In the future, the development of these areas is closely linked, providing a single national economy.

Keywords: nature, natural complex, recreational resources, mineral resources, mounds.

Рекреациялық ресурстар дегеніміз - [өндіргіш](#) күштердің қазіргі деңгейі кезінде қоғамның рекреациялық қажеттілігін қанағаттандыру үшін және халыққа рекреациялық қызмет етуге маманданған шаруашылық саласын ұйымдастыру үшін пайдаланылуы мүмкін табиғи және антропогендік нысандар. Табиғат кешені дегеніміз - табиғат компоненттерінің өзара байланысқан және өзара бір-біріне әсер ететін ерекшеліктері бар жер бетінің бөлігі болып табылады.

Рекреациялық ресурстарға табиғи кешендер мен оларды құраушылар ([бедер](#), [климат](#), [өсімдік](#), [сұқойма](#)), мәдени-тарихи ескерткіштер, қалалар мен басқа елді мекендер, ерекше техникалық [ғимараттар](#) жатады. Курорттық, сауықтырғыш, спорттық және экскурсиялық-туристік рекреациялық ресурстар болып ажыратылады.

Іле Алатауы Қазақстан мен Қырғызстан шекарасында орналасқан. Оңтүстікке қарай доға тәрізденіп иілген жота ендік бойымен созылған. Ұзындығы 350 км, ені 30-40 км. Іле Алатауының оңтүстік беткейі тік және аз тілімделген. Солтүстік беткейі біршама көлбеу. Орта таулы өңірден төменде тау алдының адырлары айқын байқалады. Климат жағдайлары биіктік белдеміне сәйкес. Шілденің орташа температурасы тау етегіндегі аңғарларда 20-25°C-тан тау басында 0°C-қа дейін және онан да төмен түседі. Солтүстік бөктерінде - Алматы қаласы орналасқан. Іле Алатауы рекреациялық ресурстарға өте бай болып келеді. Қазір соның бірі Боралдайдың рекреациялық ресурстарына тоқталамыз.

Боралдай - Алматы облысындағы, Іле ауданындағы кент. Аудан орталығы – Өтеген батыр кентінің оңтүстік – батысында 20 км-дей жерде, қоңыр және боз топырақты қоңыржай қуаң агроклиматтық белдемде орналасқан.

Ашық аспан астындағы археологиялық парк «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасы аясында ұйымдастырылған болатын. Ол қаланың Алатау ауданында, Үлкен Алматы өзені және Боралдай кентінің арасында орналасқан. Бұл жерде екі жарым мың жыл бұрын салынған қорым жатыр. Қазіргі Алматыда орналасқан жердің тарихы 28 000 жылдан асады. Климатының жайлы, топырағының құнарлы және суының мол болуының арқасында бұл жер ешқашанда бос жатпаған. Бұған археологиялық қазбалар барысында табылған көптеген заттар дәлел. Шамамен б.з. дейінгі X ғасырдан бастап бұл жерде ірі көшпелі тайпалар - сақтар пайда болып, кейіннен бұларды үйсіндер алмастырды. Боралдай аймағында ежелгі сақтардың қорымдары мен бұрынғы тұрғын үй жайлары жиі кездеседі.



Сурет 1,2. «Боралдай сақ қорғандары»

Боралдай сақ қорғандары - Алматы аумағында ерте темір ғасырынан сақталған жалғыз ескерткіш болып келеді. Ол қорған Боралдайдың әуежайға жақын жерде орналасқан. Мұнда көне қорым бар, оның тарихы екі жарым мың жылдан асып жығылады. Археологиялық кешен 47 сақ және үйсін қорғандарынан тұрады. Олардың ең үлкенінің биіктігі 14 метр, ал диаметрі 100 метрден асады екен. Бұрынғы сақ тайпасының өмірі жаңғыртылған «Боралдай сақ қорғандары» паркінде екі басты нысан - ортасынан жарылған қорған мен ежелгі сақ тұрғын үйінің макетін көруге болады.

Ашық аспан астындағы «Боралдай сақ қорғандары» археологиялық кешені - маңызды тарихи ескерткіш. Бұл туралы ұзақ жылдар бойы беймәлім болып келді. Бірегей ескерткіш 2006 жылы 3D картаны модельдеу үшін аэротүсірілім кезінде ашылған еді. Қазіргі сәтте ол Алматы мен Алматы агломерациясының туристік нысандарының бірыңғай тізіліміне кірді. Алматыда 30 000-нан астам тарихи ескерткіш бар. Бұл архитектуралық ескерткіштің тарихи құндылығы ішкі және шетелдік туристерді өзіне тартып отыр. Сарапшылар ол жерге құрылыстар салынбай, қирамай ескерткіштің осы күнге дейін өзінің мәдени және табиғи ландшафтын сақтағанын атап көрсеткен. Таяуда «Боралдай сақ қорғандары» Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандарының тізіміне енді.

Боралдай минералды сулары - Алматы шекарасынан 900 метр қашықтықта орналасқан термалды көздердің бірі болып келеді. Ең басты артықшылығы – бұл денсаулық үшін пайдалы демалысты ғана емес, сонымен қатар жыл бойы бассейнде шомылуға мүмкіндік бар жер болып табылады. Бассейнде шомылу тек ересектерге ғана емес, балаларға да пайда әкеледі. Медициналық қорытындыға сәйкес, су субтермальды болып табылады. Көп жылдық тәжірибесі бар дипломдалған, білікті мамандар осы жерде тегін диагностика жасап және қызықтыратын кез келген мәселелер бойынша кеңес береді, және сұрақтарыңызға жауап береді.



Сіздің денсаулығыңыз үшін:

✓ Минералды ванналар, ваннаның хош иісті және «теңіз бризі» бағдарламасы

- ✓ Фитобочка
- ✓ Гавай массажының төрт қолға бірегей техникасы «Ломи-Ломи-Нуи»
- ✓ Банкалы массаж
- ✓ Нүктелі массаж
- ✓ Отты массаж
- ✓ Тай массажы
- ✓ Балалар емдік массажы
- ✓ Улиткотерапия
- ✓ Гайморитті емдеу

- ✓ Артрит және артрозды емдеу
- ✓ Миоманы емдеу
- ✓

Аллергияны емдеу осы секілді мәселелерді қарастырады. Бұл жерге көптеген Боралдайлық халықтан және басқа да ауылдық, ірі кенттік, қалалық елді мекендерде мекен ететін жұрттар келеді. Осы уақытқа дейін өзінің аумағын үлкейтіп, көркейтіп келе жатыр. Осы минералды аймаққа адамдардың көбісі жағымды пікірлер қалдырған. Халық бұл жерде демалып қана қоймай, сонымен емделіп те кетіп жатады.

Негізі Алматы облысы туризм мен демалысты дамыту үшін әр түрлі жағымды жағдайлар туғыза алатын аудан болып табылады. Рекреациялық ресурстарды - туристердің рухани рекреациялық қажеттілігін қанағаттандыратын, күш-жігерін қалпына келтіріп қана қоймай, сергітетін табиғи және антропогендік нысандарды тек қана Боралдай кенті емес, сонымен қатар Алматы облысының рекреациялық ресурстары проблемасының яғни мәселесін шешу үшін және мұнда туризм индустриясын құру үшін табиғи тарихи, экономикалық, техникалық сипаттағы арнайы зерттеулерді жүзеге асыру қажет болып отыр. Олайда бұл мәселе бел шешіп кірісу үшін сол аймақтың рекреациялық дәрежесімен басты бағыттарын анықтайтын алдын ала жасалған географиялық бағалау аса қажет болып тұр.

Әдебиеттер тізімі:

1. Свод памятников истории и культуры города Алматы, «Қазақ энциклопедиясы». Алматы, 2006.
2. Алматы тарихы, 1 том, «Толағай» баспасы. Алматы, 2006.
3. К.М. Байпақов «Жетісу мен Алматы аумағындағы сақ пен үйсіндердің қоныстары», Алматы, 2008.
4. З.Самашев, Г.Джумабекова, М.Нурпейсов, Л.Чотбаев Древности Алматы «Курганы Боралдая» Алматы, 2006.
5. Алматы мыңжылдық тарих, 2 басылым «Орта ғасырлардағы Жетісу өлкесінің астаналары» «СКЛ005» баспасы, Алматы, 2009.
6. <https://taukomek.kz/goryachie-istochniki/burundajskie-mineralnye-vody/>

УДК 372.854

**ФОРМИРОВАНИЕ ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНЫХ УМЕНИЙ И НАВЫКОВ
В УСЛОВИЯХ НЕДОСТАТКА ХИМИЧЕСКИХ РЕАКТИВОВ**

Казбекова К.А., Губенко М.А.
Костанайский государственный педагогический университет
им. У. Султангазина, г. Костанай

Аннотация. Формирование экспериментальных умений и навыков является важной частью в процессе обучения химии. В данной статье предложены лабораторные эксперименты без использования прекурсоров по темам: «Взаимодействие металлов с растворами кислот» и «Реакция нейтрализации хлороводородной (соляной) кислоты».

Ключевые слова. Экспериментальные умения и навыки; практическая работа; лабораторная работа; химические реактивы.

Annotation. The formation of experimental skills is an important part in the process of teaching chemistry. This article proposes laboratory experiments without the use of